

«Қасиет -АБИ» ЖШС- нің «Балдырған» балабақшасы

**«Мектеп жасына дейінгі балалармен жобалау іс -
әрекетін ұйымдастыру»**

2022-2023 оқу жылы

Балабақшадағы жобалық іс-әрекет – бұл педагогтардың кәсіби шеберлігінің, жаңашыл жұмыс әдістеріне дайындығының, кәсіби және тұлғалық жағынан өсіп, дамуға ұмтылуының өзіндік көрсеткіші. Жақсы тәрбиеші жоба жасай отырып, баланың қалыптасқан даму бағыттарына сәйкес білім берудің міндеттерін анықтайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жобалық іс-әрекеті педагогтар, балалар және ата-аналар арасындағы ынтымақтастықтың бірегей тәсілі болып табылады. Жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру балаларды мектепке дайындау үшін ғана емес, баланың жан-жақты дамуы, қоғамдағы әлеуметтік өмірге сәтті бейімделуі, үйлесімді, шығармашыл және белсенді тұлға болып өсуі үшін маңызды.

Жобаның басты мақсаты:

Баланың жеке тұлғалық шығармашылығын дамыту

Жобалаудың ерекшелігі:

Баланың алдағы іс -әрекетті жобалай алуы мен оның субъективті (өзіндік пікірі немесе ойы) бола білуі

Жобаның нәтижесінде балалар оқу процесінің белсенді қатысушыларына айналады. Бұл ересектердің «қысымын» сезінбестен өзін-өзі тануға мүмкіндік береді. Өз бетінше әрекет ету тәжірибесі балаларда өзіне деген сенімділікті дамытады.

► **Ата-аналарды жобалық іс-шараларға тартудың маңызы зор:**

- Олар өз балаларының оқу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналады, әкелер мен аналар өздерін «жақсы ата-ана» ретінде сезінеді, өйткені олар іс әрекеттерге үлес қосып, жаңа дағдыларды меңгереді.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу үрдісін тереңірек түсінуі қалыптасады.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға сай болуы керек:

- Оқыту салаларының мазмұнынан таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;
- Тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының вариациялық бөліміне сай болуы керек;
- Мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;

► Жобаға қойылатын негізгі талаптар:


Шешімін іздейтін мәселенің болуы, жоба бұл байсалды ойын, баланың дербестігі және ата- анамен баланың ортақ шығармашылығы;

- Білімді қолданыста пайдалану үшін мектеп жасына дейінгі балалармен өз ықыластарымен (жас ерекшеліктерін ескеру) ұсынылған кішігірім жобалар алу қажет


Жобада үш нәрсеге көңіл аудару :

- -Баланың қызығушылығына
- -Баланың белсенділігіне
- -Баланың дербестігіне

Жобаның даму міндеттері



Жоба ұзақтығы бойынша



Жобаның құрылымы 3 кезеңге бөлінеді

- 1.Дайындық кезең
- 2.Негізгі кезең
- 3.Қорытынды

Жобадағы тәрбиеші қызметінің сипаты:

Тәрбиеші баланың серіктесі әрі оның өзін өзі дамытудағы көмекшісі болып табылады.

Тәрбиеші жобаның негізгі жетекшісі, әр мәселені шешудегі баламалар тобы мен жеке баламалардың үйлестірушісі.

Тәрбиеші жоба кезінде сырттай бақылайды, кеңесші әрі сарапшы бола отырып, аз айтып, балалармен көп ізденеді.

Ақпарат көздерін тауып ,ұсыныстар жасап, жасалған жұмыстардың нәтижелерін бағдарлайды.

Дайындық кезеңі

Дайындық (ұйымдастыру) кезеңінде не үшін дәл осы жоба таңдалды деген сұраққа жауап бере отырып, бұл жоба қандай мәселелерді шешеді және бұл жобаның нәтижесі қандай болмақ деген сұрақтарға жауап беріледі. Сонымен бірге жобаның тақырыбы, міндеті , мәселесі, уақыты және қоры анықталады. Жұмыстық жоспар жасалады, командалар (топтар) құрылымы, жауапты адамдар тағайындалынады.

Негізгі кезеңі

Жобаның жүзеге асу кезеңі. Бұл кезеңде ақпарат жинап және оны анықтайды, жоспар бойынша негізгі іс шаралар өткізіледі. Жоспарларды бақылау және түзету жұмыстары жүргізіледі. Жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістер енгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (жобада мақсатқа жету)

Қорытынды

Бұл кезеңде жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің бағалануы және түзетулері енгізіліп, қорытынды алынады.

- ▶ Эмпирикалық Тірі табиғат әлемінде өзіндік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу.

«Бөлме өсімдіктері» тақырыбындағы жоба.

- ▶ **Жобаның өзектілігі:** Бөлме өсімдіктердің дамуы мен өсуіне қызығушылықты дамыту, балаларға бөлме өсімдіктер, оларға күтім жасау ережелері, олардың өмір үшін маңызы, адам үшін өсімдіктің рөлі туралы білім беру.





- ▶ **«Книга лучший друг ребят»** тақырыбындағы (танымдық ,шығармашылық,зерттеу) жоба
- ▶ Бұл жобада балалар ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, кітапқа қажетті әртүрлі мағлұматтар жинайды. Кітаптар, кинофильмдер, кітапханаға саяхат, ғаламторды пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі альбом немесе кітапша болып жинақталады. Балалардың кітаптарға деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін арттырады.



Жоба тақырыбы: «Үй жануарлары» (мерзімі 1 апта)

Міндеттері. Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нақтылау және кеңейту, олардың қайда тұратыны, тіршілігі кім және қалай бағып қағу керектігін түсіндіру.

Үй жануарларының белгілері, сипаттамалары мен әдеттері туралы балалардың білімдерін нығайту. Үй жануарлары және олардың төлдері туралы ой өрісін дамыту, қалай дыбыстайтынын меңгерту. Жануарлар туралы шығармалармен таныстыру.

Балалардың сөйлеу белсенділігін дамыту, сөздік қорларын молайту. Жануарларға деген қызығушылығын арттыру, эмоционалды жауап беруге үйрету.





«Ғажайып театр әлемі» жобасы

- ▶ Бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Бұл театр балаларды сюжеттік мүмкіндіктерімен ғана емес, сонымен қатар декорацияларымен де қызықтырады.
- ▶ Бұл ойында балалар – артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз беттерінше бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды.





«Ғарыш әлеміне саяхат» тақырыбындағы жоба

- ▶ Әдетте қатысушыларда ортақ іс әрекеттің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілері мен сұлбаларын жасау, сол тақырыпта әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған әңгімелер болуы мүмкін.
- ▶ Шығармашылық жобада қажетті заттарды дайындауда табиғи материалдарды пайдаланған жөн.





«Ас атасы нан» тақырыбынада жоба

Жобада танымдық, ізденушілік іс әрекеттер басым. Балалар нан өсірудегі адамдардың еңбегінің зор екенін ұғынады. Нанның құндылығын түсінеді. Жоба барысында тәжірибелер жасап бақылайды, зерттейді.



«Туған жерім тұғырым» тақырыбындағы жоба
Жобада Алға қаласы бойынша балалардың білімдері толығып , дүниетанымдары
ұлғаяды.



Қорытындылай келе жобалау арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады:

Жобада әртүрлі танымдық және практикалық тапсырмаларды ересектермен және құрдастарымен бірлесіп шеше отырып, балалар күмәндану және сыни ойлау қабілетін игерді. Бір уақытта басынан өткерген жағымды эмоциялар, таңданыс, қуаныш, үлкендердің мақұлдауынан мақтаныш – балалардың бойында өзіне деген сенімділіктің алғашқы дәндерін салды, білімге деген жаңа ізденістерге итермеледі.

Жобаның тиімділігі сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балаға өз бетімен ізденуге және тәжірибе жасауға, оның қызығушылығы мен мәселеге қызығушылығын сақтауға, сондай-ақ кейбір жағдайларда алған білімін қолдануға мүмкіндік берді.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ!**